

№39 «Қызылөзек» орта мектебі

Республика күні

Сынып: 8-сынып

Сынып жетекші: Л.Сапаржанова

Қызылорда. 2022 жыл

аң тақырыбы: «Республика күні»

ың мақсаты:

імділік: оқушыларға жаңа тақырыпты меңгерту, есте сақтау қаблеттерін ұлғайту, ауыз екі тілде
еуге машықтандыру; Оқушыларды туған жерін, туған елін, халқын ардақтап өтуге үйрету. Бақытқа
тер даңғыл жолдың бірі - туған Отанды сүйуден басталатынын түсіндіру.

а) дамытушылық: эроқушының ой-қиялына ерік бере отырып, өз ойын түйіндеуге, топпен жұмыс істеуге
жұмылдыру, белсенділігін арттыру, сөйлеу тілін дамыту;
б) тәрбиелік: оқушыларды саналы, парасатты азамат етіп тәрбиелеу, елдің әр мерекесіне мақтанышпен
қарауға баулу.

Құрметті оқушылар бүгін сіздердің назарларыңызға «**Республика** менің» атты ауызша журнал өткізгелі
отырмыз. Ауызша журнал деп - аты айтып тұрғандай, төрт беттен тұратын күні бұрын тақырып бойынша
берілген тапсырмаларды көпшілікке жария ету.

Бүгінгі журнал 25 - қазан **Республика** күніне арналады.

Адам шыр етіп дүниеге келгенде, кіндік қаны тамған жерін – Отан дейді. Әрбір адамда Отанға, туған
жерге деген ыстық сезім, үлкен махаббат болады. Алысқа жолаушылап кетіп, туған жеріне оралған сәтте
тауы да, тасы да саған ыстық болып тұрады. Адамзаттың парызы - туған Отанын гүлдендіріп, сақтап,
ұрпақтан ұрпаққа жеткізу.

Ұлы ағартушы, халқымыздың рухани көсемі А. Байтұрсынов: «Балам деген жұрт болмаса, жұртым дейтін
бала қайдан өссін» деген екен. Біз сіздерге тек перзентіміз емес, еліміздің ертені, нұрлы болашағы деп
қараймыз. Мұхаммед Пайғамбарымыз «Жастық шақта алған білім - тасқа ойылған нақыш» деген екен.
Ендеше сендер бала кезден бастап терең білім меңгеруге тиіссіндер. Туған еліміздің биікке ұшар сұңқары,
бәйгенің алдын бермес тұлпары болыңдар дегім келеді.

Қазақ поэзиясының хас шебері Қ. Аманжолов «Не деген бақытты едің, келер ұрпақ» деп жырлағандай,
сендер тәуелсіз елдің азаматысыңдар, сендерді мемлекеттік мереке **Республика** күнімен шын жүректен
құттықтаймын.

1-оқушы: Біздің туып өскен жеріміз - Қазақстан Республикасы. Ол көне замандардан басталған тарихы
бар, аса бай ел. Қазақстан жерін ежелден қоныстанып келе жатқан ел қазақ халқы. Көптеген ғасырлар
бойы ел басқарған дана басшыларымыз кең байтақ жерімізді сырттан төнген қауіп – қатерден қорғап
келеді. Қазақ халқы – ержүрек достықты адал, бауырмал, қонақжай халық. Қазақстан бүгінде
дүниежүзінің көптеген елдерімен достық байланыс орнатқан бүкіл әлем таныған елге айналды.

2-оқушы: Көк туым көтерілді бағым жанып,
Елтаңбам төрде әлемде танылды анық.

Шырқадым Әнұранды бар дауыспен
Арманым – Ата Заны қабылданып.

1-оқушы: Орындалсын жеңістерде Әнұран
Көкіректе сауле боп жағылады.

Атажұрттан алыста жүргендері.
Атамекен – отанын сағынады.

Топтық жұмыс. Постер қорғау

1-топ. Әнұран

2-топ. Ту

3-топ. Елтаңба

ӘНҰРАН

Елін, туған жерін сүйетін, елінің өткені мен бүгінін, тарихын тебірене де тереңдей оқып, тарихтың зерделі
де шежірелі беттеріне үнілген ұлдарымыз өздерінің жүректерінен шыққан ойларын ақ қағаз бетіне
түсірген екен. Кезекті осы ұлдарға берейік.

Журналдың бірінші беті «Елім менің» деп аталады.

Егеменді еліміз жер бетіндегі басқа мемлекеттермен терезесі тең, өркениетті ел ретінде танылып өзінің
Елтаңбасын, Туын, Әнұранын белгіледі.

Осы бір қасиетті белгілердің мәнін әрбір ұрпақ терең түсініп, оны қастерлей білу керек.

Мақтансаң мақтан елім деп,

Тани біл, елдік таңбанды.

Елтаңба, Туың, Әнұран -

биік арманды.
бікке тән белгі -
осы рәміздер -
рух, мән берді,
оның – мына біздер.

рнaлымыздың келесі бетін ашайық. Ол «Еліміздің нышандары» деп аталады.
емлекеттік ту - алтын күн алаулаған зеңгір көк аспан түстес. Сол зеңгір аспанның аясында баяу
алықтаған дала бүркіті. Арман аркалаған алтын бүркіт қазақтың қыран көңілін шырқау биікке алып
шыққандай көрініс береді. Мемлекеттік туды даралайтын тағы да бір белгісі - оның сабына таяу тік
тартылған ұлттық өрнекті қошқар мүйіз жолақ. Ол - көшпелі әлемнің, дарқан дал рухының тынысы. Ту
ортасындағы алтын күн - халқымызға нұр болып шапағатын шашып тұр. Алтын күнді қанатымен жепеп,
өрге көтеріп, ұшып бара жатқан ақиық қыран құс - ерліктің белгісі.

Туымызды қастерлеу - халқымызды қастерлеу.

Елтаңба - әлемде сирек кездесетін Елтаңба. Қазақ өмірінің ұлы белгісі шаңырақтан тараған. Таң
шапағындай уықтар арасындағы ай мүйізді, алтын қанатты ғажайып пырақтар халқымыздың болашаққа
ұмтылған асқақ арманының бейнесіндей болып көрінеді. Қос пырақ ортақ шаңырақты қанатымен қорғап
тұр. Қанат - асқақ арман нышаны. Ел белгісінде көк аспан, шаңырақ, жарық жұлдыз, қанатты тұлпар,
бидай сабақтары бейнеленген. Аспан көк - кеңшілік, тыныштық, биіктік белгісі.

Мемлекеттік Әнұран - еліміздің музыкалық поэтикалық эмблемасы, әдеби сазды төл құжаты. Ол халық
жүрегінің лүпілін тұмар ғып түйген музыкалық сәлем хат сынды.

1. 1992 жылы маусым айының 4 - інде қабылданған Қазақстан **Республикасының** нышандары -
мемлекеттік туының авторы кім?

(Суретші - Шәкен Ниязбеков)

2. «Қазақстан» дейтін Отан - Анамыздың Елтаңбасының авторы кім?

(Сәулетші Жандарбек Мәлібеков және әйгілі суретші Шота - Аман Уәлиханов)

3. Әнұран авторын білесің бе?

(Өнін жазған Шәмші Қалдаяқов. Сөзін жазған Жүмекен Нәжімеденов және қосымша түзетілген нұсқау
авторы Президентіміз Н. Ә. Назарбаев)

Қазақстан тұңғыш Президенті Н. Ә. Назарбаев - достықтың, бірліктің, бауырмалдықтың туын берік ұстап,
Қазақстанды әлемге паш етіп отырған, ғасыр куәсі болған тұлға. Қазақ топырағы киелі. Сонау зеңгір
көкпен таласып, Алатау баурайында Үшқоңыр биіктері мен мұңдалап қол бұлғайды. Қаскелең тауынан
бастау алып, қар суымен толысып, сай - салаға бөліне еркелей Шамалған өзені ағып жатыр. Осындай
табиғаты тамылжыған өлкеде, жер жаннаты Жетісудың төскейінде, Шамалған ауылында болашақ
тәуелсіз мемлекетіміздің тұңғыш Елбасы дүниеге келген. 1991 жылғы 1 желтоқсаннан
Қазақстан **Республикасының** Президенті болып келеді.

Талай тағдыр тауқыметіне ұшырап, қазақ халқы бүгінгідей бақытқа қол жеткізу үшін қаншама қиын
бұралаң жолдардан өтті десенізші?! Қазақ елін, қазақ жерін білектің күшімен, алмас қылыш ұшымен,
өткір тілімен, қасиетті қанымен қорғаған ұлы тұлғаларымыз тарихта аз емес.

Осы тұлғаларды жас ұрпаққа таныту мақсатында журналдың келесі бетін «Еліміздің ұлы тұлғалары» деп
атадық.

1. Ахмет Яссауи - ақын, ойшыл, ұстаз, түркі жұртына имандылық нұрын шашқан діни ағартушы. «Диуани
Хикмет» кітабының авторы, дүние жинамай адамдарды азғындық жолынан сақтауда қызмет еткен адам,
жаны таза болған.

2. Әз Жәнібек хан - қазақ халқының хандығын құрып, халықтың өз алдына еркін өмір сүруіне ат
салысқан, жау қолында қалған қазақ жерін азат еткен.

3. Мұхаммед Хайдар Дулати - тарихшы, «Тарихи рашиди» атты еңбек жазған, қоғам қайраткері.

4. Төле, Қазыбек, Әйтеке - билеріміз, халықтың ұлттық бірлігін нығайтып, халықтығын сақтауға
басшылық жасаған данышпан ақын, шешен, ойшыл гуманист көсемдер.

5. Абылай хан - халық мақтанышы, XVIII ғасырдағы бүкіл қазақ елін еркін билеген, елдің тұтастығын
қамтамасыз еткен қайраткер, елші, мәмлестер.

6. Құрманғазы Сағырбайұлы - қазақтың күйші, сазгері, домбырашы, халықтың аспаптық күй өнерінің
классигі.

7. Шокан Уәлиханов - терең ойлы, асқан зейінді, ғылымның әр тарапынан білімі бар, саяхатшы,
зерттеуші, тарихшы, географ, этнограф, суретші, Шығысты зерттеуші, халқымыздың тұңғыш ғұлама
ғалымы.

8. Абай Құнанбаев - ұлы ағартушы, ойшыл, ғұлама. «Абайды тану арқылы біз Қазақстанды әлемге
танытамыз. Абай әрқашан біздің ұлттық ұранымыз болуға тиіс», - деп Елбасымыз Н. Назарбаев айтқандай,
Абай - жаңа реалистік жазбаша әдебиетінің негізін салушы, қазақ халқының бас ақыны.

көп ұлтты мемлекет. Қазақстан Республикасында 130-дан астам ұлттар мен ұлыстар тату тәтті
п жатыр. Бүгінде қазақ елі тек өз жерінде өмір сүріп жатқан қазақстандықтардың ғана емес, шет
ірнеше мыңдаған қандастарымыздың да сағынып жетер туған елі, құшақ жайып қарсы алар туған
анасы.

ұшы: 2006 жылдың 7 қаңтарында Қазақстан Республикасының жаңа әнұраны қабылданды. Ш.
даяқовтың «Менің Қазақстаным» әні Қазақстан Республикасының Әнұраны деп жарияланды .

оқушы: Әнұран мәтінінде ғасырлар бойы тәуелсіздік үшін күрескен бабалар ерлігі көрініс табады
Сонымен қатар асыл мұрамыз – еліміздің кең байтақтығы , жер мен ел байлығы , біздің ұрпақтарымыздың
болашағына айқын жол ашатын көрініс тапқан . Ең бастысы – тәуелсіздігіміздің айқын дінгегі – ел бірлігі
баса айтылған .

2-оқушы: Әнұран авторлары:

Сөзін жазған: Ж.Нәжімеденов , Н.Назарбаев

Әуенін жазған: Ш.Қалдаяқов

1-оқушы: Барша халық таныған

Біздің үміт тілекті.

Шырқалғанда әнұран

Шаттық кернер жүректі .

2оқушы: Әнұраным – жан ұраным

Айтар әнім , сөйлер сөзім

Туған жерім сағынарым,

Бақыт-бірлік күн талабы .

Мәңгібақишырқалады

Республикам әнұраны.

1-оқушы: Жеңіс туын көтерген

Жарыстарда сан қилы .

Жетіп бізге шет елден

Көкке әнұран қалқиды .

2-оқушы: Шәмші атаның сазды үні

Жігер беріп қайратты

Бәрімізді мәз қылып

Жаңғыртады аймақты .

1-оқушы : Қазақстан Республикасының Рәміздері дегенде әрдайым ара - жігі ажырамас - ту , елтаңба ,
әнұран еске түседі . Бұларды бірін - бірінсіз бөлек қарастыруға болмайды .

Мерейлі қазақ елінің Елбасы ел - жұртын, жұдырықтай жүрегіне сыйғызып, қыран канатының астына
алып, барша жұрттың теңдігін, татулық пен тыныштықты сақтауды мақсат етіп, бүгінгі қазақ елін, осы
дәрежеге жеткізді. Осындай халықжамын ойлаған азаматы бар қазақ елін бүгінде әлем таниды. Елімізде
мәңгі тыныштық болсын! Сүйікті Отанымыз Азат Қазақстан мәңгі жайнай берсін, жарқырай берсін!
Баршаңызға бақыт, шанырақтарыңызға шаттық тілей отырып, бүгінгі журналымыздың соңғы бетін
жабамыз.

2022 жылдың 19 қазан күні №39 «Қызылөзек» орта мектебінің 8 «Б» сынып оқушылары «Республика күні» атты ашық тәрбие сағатын өткізді. Сабақтың мақсаты: оқушыларға жаңа тақырыпты ерту, есте сақтау қаблеттерін ұлғайту, ауыз екі тілде сөйлеуге машықтандыру; Оқушыларды туған елінің, туған елін, халқын ардақтап өтуге үйрету. Бакытка жетер данғыл жолдың бірі - туған Отанды жүйден басталатынын түсіндіру. Отанға деген патриоттық сезімдерін ояту. Сабақтың көрнекілігі: анимациялық слайдтар, таратпа қағаздар мен плакаттар. Мұғалім психологиялық ахуал қалыптастырып, сабақты әнұранмен бастады. Мұғалім оқушылардың қандай күн екенін сұрай отырып, республика күні ақпараттар берді.



Әдеби монтажда оқушылар Республика күніне орай мәнерлеп өлендер оқыды. Әділ-қазылар алқасымен таныстырды. Сабақ сайыс түрінде өтілді.

Оқушыларға экспресс сұрақтар қойылды. Мысалы:

1. 1992 жылы маусым айының 4 - інде қабылданған Қазақстан **Республикасының** нышандары - мемлекеттік туының авторы кім?
(Суретші - Шәкен Ниязбеков)

2. «Қазақстан» дейтін Отан - Анамыздың Елтаңбасының авторы кім?
(Сәулетші Жандарбек Мәлібеков және әйгілі суретші Шота - Аман Уәлиханов)

3. Әнұран авторын білесің бе?
(Әнін жазған Шәмші Қалдаяқов. Сөзін жазған Жұмекен Нәжімеденов және қосымша түзетілген нұсқау авторы Президентіміз Н. Ә. Назарбаев)

Оқушылар «Ту», «Елтаңба», «Әнұран» топтары топқа бөлініп, постер қорғады



ОқушыларЕліміз Астана жайлы, Қазақстан Республикасының конституциясы жайлы, Елбасы жайлы білетіндерін ортаға салды.



Жұптық жұмысқа «Адасқан әріптер» ойыны болды. Оқушылар бүгінгі тақырыпқа байланысты сөздерді тауып, мағынасын түсіндірді



Жұптық тапсырманы орындап болған соң, әділ-қазылар алқасы сайыс нәтижесін шығарып, оқушыларды марапаттады.

Сынып жетекші:

Л.Сапаржанова

Анықтама

№39 «Қызылөзек» орта мектебінде 2022 жылдың 27 қазан күні 8 «Б» сыныбының оқушыларына «Табиғатта қоқысқа орын жоқ» атты тәрбие сағаты өтілді. Мақсаты: Қоршаған ортаның ластануы туралы, сыртқы ортаның барлық факторларының бір-біріне байланыстылығы, қоқыссыз өмір жайлы түсіндіру. Оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын, белсенділігін арттыру, өз бетімен жұмысқа дағдылануға, өзін-өзі тануға, тіл мәнерін, ой-өрісін дамытуға бейімдеу. Табиғатты қорғай алатын адамгершілігі мол, ізгілікті, мәдениетті ұрпақ тәрбиелеу. Көрнекілігі: Табиғат туралы слайдтар, түрлі суреттер. Сабақтың әдіс-тәсілдер: сұрақ-жауап, талдау, түсіндіру.

Мұғалім қоқыс, қоқыстың түрлері, қоқыстардың айналадағы ортаға әсері, ауылдың экологиясы, ауылымыздағы қолға алынған жұмыстар қоқыстың зияндары, қайта өңдеу өндіріс орындары жайлы түсіндірді қызықты мәліметтер айтылды.



Оқушылар суреттерге қарап, шартты белгілерді түсіндіре алды және өз пікірлерін айтты.




Оқушылар қоқыстар тазару жолдарын ұсынды.

1. Өндіріс орындарында тазалаушы қондырғылар орнату
2. Зияны аз деген отын түрлерін пайдалану
3. Қалдықсыз технологияға көшу
4. Жасыл өсімдіктер санын молайту
5. Суды қорғау
6. Жерді құнартып отыру



Оқушылар «Табиғатта қоқысқа орын жоқ» тақырыбында қоқыстан арылу жолы жайлы эссе жазды. Оқушылар эсселерін оқып, бір-бірлеріне кері байланыс берді.



Мұғалім қорытынды сөз сөйлеп, сабаққа белсене қатысқан оқушыларды мадақтады.

Сынып жетекші:

Л.Сапаржанова

Анықтама

№39 Қызылөзек орта мектебінің 6 а сыныбының 25 –қазан республика күніне орай өткізілген «Қазақстан республика менің» тақырыбындағы тәрбие сағатының өткізілгені туралы анықтама

Тәрбие сағатының мақсаты :

Қазақстан елінің өткен тарихын оқыта отырып,егеменді еліміздің болашағымен бүгінгі күнінің жетістіктеріне тоқталып оқушылардың алған білімін жинақтап, одан әрі танымдылығын арттыру.

Оқушылардың ойлау, сөйлеу дағдысын дамыту өз ойын мәдениетті түрде жеткізе білу .Туған халқына, Отанына, оның тарихи тағдырына деген құрмет сезімін қалыптастыру. Патриоттық тәрбие беру.

Сабақтың көрнекілігі:

«Менің елім, Қазақстан!» фотостенд, Қазақстан Республикасының рәміздері, буклеттер, Қазақстан Республикасының картасы, суреттер.

Сабақтың әдісі:




Әдеби музыкалық мортаж.

Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі.
2. Екі топқа бөлу.
3. Ойындар, мақал – мәтел жарыстары.
4. Қазақстан Республикасы туралы өлең – жырларға дайындау.



Үш топ жұмыс үстінде



Анықтама

2 «А» сыныбында 25- қазан Республика күніне орай «Менің Отаным-Қазақстан» тақырыбында тәрбие сағатын өткізілді.

Мақсаты:

Оқушыларға аға ұрпақтың ерлік істерін үлгі ете отырып, Отанын, елін сүйуге деген патриоттық сезімдерге баулу. Тәуелсіздікті сақтап, Отанды, елді, жерді қорғауға және көркейтуге деген жауапкершілік сезімдерін ояту. Болашаққа сенімдерін қалыптастыру, саналы да білімді азамат болуға тәрбиелеу.

Тәрбие сағаты барысында топтық, жұптық, жеке жұмыстар жүргізілді. «Ангарамма», «Артығын тап» ойыны және мақал-мақалдың мәтелдің жалғасын тапты. «Қыран елім-Қазақстан» тақырыбында салған суреттері бағаланды. Тәрбие сағаты соңында оқушылар «Мен және болашақ.....» өз ойларымен бөлісіп, еліне деген жылы лебіздерін білдірді.



Сынып жетекшісі: Джакипова Жадыра

Анықтама

№39 Қызылөзек орта мектебінің 6 а сыныбының 25 –қазан республика күніне орай өткізілген « Қазақстан республикам менің» тақырыбындағы тәрбие сағатының өткізілгені туралы анықтама

Тәрбие сағатының мақсаты :

Қазақстан елінің өткен тарихын оқыта отырып,егеменді еліміздің болашағымен бүгінгі күнінің жетістіктеріне тоқталып оқушылардың алған білімін жинақтап, одан әрі танымдылығын арттыру.

Оқушылардың ойлау, сөйлеу дағдысын дамыту өз ойын мәдениетті түрде жеткізе білу .Туған халқына, Отанына, оның тарихи тағдырына деген құрмет сезімін қалыптастыру. Патриоттық тәрбие беру.

Сабақтың көрнекілігі:

«Менің елім, Қазақстан!» фотостенд, Қазақстан Республикасының рәміздері, буклеттер, Қазақстан Республикасының картасы, суреттер.

Сабақтың әдісі:



Әдеби музыкалық мортаж.

Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі.
2. Екі топқа бөлу.
3. Ойындар, мақал – мәтел жарыстары.
4. Қазақстан Республикасы туралы өлең – жырларға дайындау.



Анықтама

Республика күні – ел тарихындағы айтулы күн. Биыл араға 13 жыл салып, 25 қазанда Республика күнін алғаш рет ұлттық мереке ретінде атап өтеміз. Бұл – маңызды мереке. Осыған орай №39 «Қызылөзек» орта мектебінде 9 «А» сынып оқушыларының қатысуымен «Туған жерім менің – Қазақстаным!» тақырыбында тәрбие сағаты өтті.

Сынып жетекшісі: Қуанышова Айдана

Мақсаты: Оқушыларды туған жерін, туған елін, халқын ардақтап өтуге үйрету. Бақытқа жетер даңғыл жолдың бірі - Отанды сүйуден басталатынын түсіндіру. Отанға деген патриоттық сезімдерін ояту. Оқушыларға қазақ халқының өзіндік тарихы, мәдениеті, рәміздері бар тәуелсіз ел екенін түсіндіріп, ұлттық патриотизм рухында тәрбиелеу. Айтулы мерекені өскелең ұрпаққа насихаттауды ту етіп көтеріп, оқушыларды жан-жақтылыққа, шапшаңдыққа, шығармашылыққа, жастарды өзара бірлікке, елтануға, оқу қабілеттерін, білім-білік, таным ерекшеліктерін арттыру мақсатында өткен тәрбие сағаты барысында оқушыларға егемендік алған кезеңнен бастап қазақ тарихында болған саяси-экономикалық, дипломатиялық қатынастар, қоғамдық-мәдени дамуындағы жетістіктері жайында баяндалды. Оқушылар тәрбие сағатына белсене қатысып, өздерінің ел тарихына, мемлекетімізде орын алған түрлі өзгерістерге деген қызығушылықтарын білдірді. Оқушылар 3 топқа бөлініп тапсырмалар орындады.

- Топпен таныстыру, ұраны (әр топ өзінің тобының атымен, ұранымен таныстыру)
- Мәнерлеп оқу сайысы (әр топтан бір оқушыдан шығып республика туралы жаттаған өлеңдерін мәнерімен жатқа айту)
- Егер де мен (депутат, әкім, президент, кәсіпкер) болсам өз ойларын жазу)
- Сұрақтарға жауап беру (Қазақстан тарихы бойынша)

Тәрбие сағатының соңында оқушыларға «Тәуелсіздік шежіресі» атты видеоматериал ұсынылды және оқушылар бүгінгі сабақтаналған әсерлерімен бөлісіп, кері байланыс жасады.




Анықтама

25-қазан Республика күніне орай 5 «А» сыныбыда «Қазақстан еліне саяхат!» атты тәрбие сағаты өтілді.

Мақсаты: Оқушыларды туған жерін, туған елін, халқын ардақтап өтуге үйрету. Бақытқа жетер даңғыл жолдың бірі - туған Отанды сүйуден басталатынын түсіндіру. Отанға деген патриоттық сезімдерін ояту.

Тәрбие сағаты Қазақстан Республикасының Әнұранымен басталып, оқушыларға видеоматериал ұсынылды. Оқушыларға Қазақстан тарихы бойынша сұрақ берілді. Оқушылар патриоттық өлеңдер оқып, ән айтты. Бүгінгі сабақтан алынған әсерлерімен бөлісіп, кері байланыс жасалды.



Сынып жетекшісі: Ержанова Ботагоз

Анықтама

№39 «Қызылөзек» орта мектебінде 7 «а» сыныпоқушыларының қатысуымен «Туған жерім менің-Қазақстаным» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді.


Тәрбие сағатының мақсаты:

- Оқушыларды өз Отанын сүйуге, қазақ екенін, Қазақстанда тұратынын мақтаныш етуге, туған халқының тілін, мәдениетін, салт – дәстүрін

Қастерлейтін саналы да парасаты азаматтар тәрбиелеу.

- Елінің Туын, Елтаңбасын, Әнұранын қастерлеуге өз елін, тегін, тарихын біліуге тәрбиелеу.

Тәрбие сағаты Қазақстан Республикасының Әнұранымен басталып, оқушыларға видеоматериалдар ұсынылды. Сынып оқушылары патриоттық өлеңдер оқып, күй тартты. Сабақ соңында оқушыларға адасқан әріптер, мақал-мәтелдер беріліп, викториналық сұрақтар қойылды.



Сыныпжетекшісі: Ермағанбетова Перизат


Анықтама

25-қазан Республика күніне орай Туған жерім менің –Қазақстаным! Атты тәрбие сағаты өтілді.

Мақсаты: Оқушыларды туған жерін, туған елін, халқын ардақтап өтіуге үйрету.

Бакытқа жетер даңғыл жолдың бірі- Отанды сүюден басталатынын түсіндіру. Отанға деген патриоттық сезімдерін ояту. Оқушыларға қазақ халқының өзіндік тарихы, мәдениеті, рәміздері бар тәуелсіз ел екенін түсіндіріп, ұлттық патриотизм рухында тәрбиелеу. Айтулы мерекені өскелең ұрпаққа насихаттауды ту етіп көтеріп, оқушыларды жан жақтылыққа, шапшаңдыққа, шығармашылыққа, жастарды өзара бірлікке, ел тануға, оқу қабілеттерін, білім білік, таным ерекшеліктерін арттыру.

Тәрбие сағаты Қазақстан Республикасының Әнұранымен басталып, оқушыларға «Тәуелсіздік шежіресі» атты видеоматериал ұсынылды. Оқушыларға Қазақстан тарихы бойынша сұрақ берілді. Оқушылар бүгінгі сабақтан алынған әсерлерімен бөлісіп, кері байланыс жасалды.




Анықтама

2 «А» сыныбында 25- қазан Республика күніне орай «Менің Отаным-Қазақстан» тақырыбында тәрбие сағатын өткізілді.

Мақсаты:

Оқушыларға аға ұрпақтың ерлік істерін үлгі ете отырып, Отанын, елін сүйуге деген патриоттық сезімдерге баулу. Тәуелсіздікті сақтап, Отанды, елді, жерді қорғауға және көркейтуге деген жауапкершілік сезімдерін ояту. Болашаққа сенімдерін қалыптастыру, саналы да білімді азамат болуға тәрбиелеу.

Тәрбие сағаты барысында топтық, жұптық, жеке жұмыстар жүргізілді. «Ангарамма», «Артығын тап» ойыны және мақал-мақалдың мәтелдің жалғасын тапты. «Қыран елім-Қазақстан» тақырыбында салған суреттері бағаланды. Тәрбие сағаты соңында оқушылар «Мен және болашақ.....» өз ойларымен бөлісіп, еліне деген жылы лебіздерін білдірді.



Сынып жетекшісі: Джакипова Жадыра

Сынып сағаты

Тақырыбы:

«Қайта оралды қазағыма
Республика күні ...»

Сыныбы: 8 «А»

Жетекшісі: А.Абилова

2022-2023 оқу жылы

Егемендік
Сынып сағатының тақырыбы: «Қайта оралды қазағыма Республика күні ...»

Біз ел дамуының жаңа басымдықтарын белгілеп алуымыз керек! Ұлттық мерекелер мен атаулы күндер тізбесіне бірқатар өзгеріс енгізген жөн. Мен Республика күніне ұлттық мереке мәртебесін қайтаруды ұсынамын. Сондықтан қазанның 25-і күні жыл сайын «Егемендік күнін» еліміздің басты мерекесі ретінде атап өтуіміз керек. 1990 жылы 25 қазанда Қазақстанның Егемендігі туралы декларация қабылданды. Бұл еліміздің тәуелсіздік жолындағы тұңғыш қадамы болатын.

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев

Сынып сағатының мақсаты: Білім алушылардың бойына туған еліне деген құрмет пен отаншылдық құндылығын дарыту;

Сынып сағатының міндеттері:

- ҚР мемлекеттік мерекелері туралы мәлімет беру;
- Республика күнінің маңыздылығын түсіндіру;
- Отаншылдық құрмет құндылығын дарыту;

I. Кіріспе бөлім

Бойыма рух, жігер берген,

Әнұраным айтар әнім...

(Әнұран орындалады)

II. Негізгі бөлім

1. «Қайта оралды қазағыма Республика күні» (баяндау)
2. «Елім деп соққан жүрегім!» (әдеби монтаж)

«Қайта оралды қазағыма Республика күні»

Кез келген ел азаттық қол жеткізген күнін ардақ тұтады, басқа мерекелерден айрықша қастерлейді. Қазақстан биыл алғаш рет «25 қазанды ұлттық мереке» ретінде атап өтпек. Ол мейрам «**Республика күні**» деп аталады. Қазақстан бұл мерекеден 2009 жылы бас тартқан болатын. Міне, 13 жылдан соң, Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Республика күнін қайтарып, оған жаңа маңыз бен мазмұн берді. Ол осы бастамасын 2022 жылғы 16 маусымда Ұлытаудағы Ұлттық құрылтайдың тұңғыш отырысында жариялады.

Мәжіліс депутаттары 2022 жылғы 7-қыркүйектегі отырысында «ҚР кейбір заңнамалық актілеріне кинематография және мәдениет мәселелері бойынша өзгерістен мен толықтырулар енгізетұралы» заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдады. Бұл заңды Парламент олық қабылдап, Президент қол қойған соң, 2022 жылғы, 29 қыркүйекте күшіне енді.

Құжатты мәжілісте талқылау барысында, депутаттар мен Үкімет Республика күнін қалпына келтірумен шектелмей, мемлекеттік және ұлттық мерекелердің тізімін қайта қарады. Нәтижесінде, Президент бастамасы аясында біріншіден, 25 қазан – Республика күні ұлттық мереке статусына ие болды (бұл ең жоғары мәртебе, өйткені 2009 жылға дейін ол мемлекеттік мереке ған болған). Тиісінше осы күн енді тәуелсіздік күні ретінде тойланбақ.

Екіншіден, 16-желтоқсан – Тәуелсіздік күні болып қалды, яғни атауы сақталды, бірақ мәні мен мәртебесі өзгерді. Ол қазіргі ұлттық мереке мәртебесін жоғалтып, мемлекеттік мереке санатына ауысты. Сонымен бірге бұл күні желтоқсанишыларды және азаттық жолында басын құрбан еткен басқа да батырларды еске алу шаралары ұйымдастырылады. Себебі Президент Ұлттық құрылтайдағы сөзінде «Республика күні елдің мемлекет құру жолындағы тарихи қадамының символы болуы керегін», ал «Тәуелсіздік күні тәуелсіздік алуға зор үлес қосқан ұлттық батырларымызға тағзым күні ретінде атап өтілетінін» қадап айтты.

Осылайша, Қазақстанда жалғыз ғана ұлттық мереке болады: ол – **Республика күні**. «ҚР мерекелер туралы» заңына сәйкес, бүгінде мемлекеттік мерекелерге: 1-2 қаңтар – Жаңа жыл; 8-наурыз – Әйелдердің халықаралық күні; 21—23-наурыз – Наурыз мейрамы; 1-мамыр – Қазақстан халқының бірлігі мерекесі; 7-мамыр – Отан қорғаушылар күні; 9-мамыр – Жеңіс күні; 6 шілде – Астана күні; 30 тамыз – Конституция күні және 16-желтоқсан – Тәуелсіздік күні жатады.

«Елім деп соққан жүрегім!» (әдеби монтаж)

Қазақстан, Қазақстан – алтын күн,
Жанымызда жарылқайтын жарқын күн.
Атандың сен барлық әлем тілінде,
Атыменен «Қазақ» деген халқыңның.

Қазақстан, Қазақстан – ұлы анам,
Есіміңді естігенде қуанам
Қазақстан – қиял жетпес биік тау,
Қазақстан – жазғы күнгі гүл алаң.

Қазақстан – менің туған анамсың,
Өзгеде жоқ, өзімде бар даламсың.
Кендігіңмен, молдығыңмен момақан,
Ақыл, сабыр үлестірген данамсың.

Елім менің атыңды атап ер жеттім,
Ақ сүт беріп, әлдіңмен тербеттім.
Тербеттім де, құдіретті сөз бердің,
Тек өзіңе тең биікпен сөйлетім.

Соның бәрін көрсеттірген өзіңсің,
Ғажаптармен жол шектірген өзіңсің.
Қазақстан, менің Қазақстаным!
Сөзімсің де жұртқа қарар көзімсің!

Шақырады Елбасымыз бірлікке,
Еңбек ет деп, күніңді көр тірлікте.
Татулық бар, еңбек өмір тілегі,
Неге қажет даурықпа сөз, дүрлікпе.

Әнұран бар ұрпаққа өсиет шашқандай,
Теңгеміз бар тайға таңба басқандай.
Көк байрағым көкте биік желбіреп,
Бірлікке шақырып бізді жатқандай.

III Қорытынды

Викториналық сұрақтар

- 1. «Республика күні» қандай мереке болып белгіленді?***
- 2. «Республика күні» қанша жылдан соң қайта жаңғырды?***
- 3. «Республика күні» мерекесі қай уақытта заңды күшіне енді?***

Елімізде мәңгі тыныштық болсын! Сүйікті Отанымыз Азат Қазақстан мәңгі жайнай берсін, жарқырай берсін! Баршаңызға бақыт, шаңырақтарыңызға шаттық тілей отырып, бүгінгі сынып сағатын аяқтаймыз. Сау болыңдар!

Анықтама

2022-2023 оқу жылының 21-қазан күні «25-қазан – Республика күні» мерекесіне орай 8 «А» сыныбында «Қайта оралды қазағыма Республика күні» тақырыбында сынып сағаты болып өтті.

Сынып сағатының мақсаты: Білім алушылардың бойына туған еліне деген құрмет пен отаншылдық құндылығын дарыту;

Сынып сағатының міндеттері:

- ҚР мемлекеттік мерекелері туралы мәлімет беру;
- Республика күнінің маңыздылығын түсіндіру;
- Отаншылдық құрмет құндылығын дарыту;

Сынып сағатын оқушылар Мемлекеттік Әнұранды орындап ашты. Кіріспе бөлімінде сынып жетекшісі А.Абилова Президентіміз Қ.Тоқаевтың Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзі жайлы айтты. Негізгі бөлімде бұл мерекенің мәні мен мазмұнына тоқтала отырып, ұлттық, мемлекеттік мерекелер туралы айтып өтті. Оқушылардың дайындаған әдеби монтажы ел тәуелсіздігі, Отан туралы болды. Қорытынды бөлімде сынып жетекшісі бүгінгі сынып сағатынан алған білімдерін тексеру мақсатында викториналық сұрақтар қойып, оқушыларды отаншылдыққа, өз елін, жерін құрметтеуге баулитын жалынды сөздермен қорытындылады.



Сынып жетекшісі:

А.Абилова